

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 326 өкіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 24 қыркүйектегі № 442 Өкімі

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұр Отан» ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 326 өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұр Отан» ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«І. Индустриялық-инновациялық даму» деген бөлімнің «1.6. Химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін жедел дамыту» деген шағын бөлімінде: реттік нөмірі 22-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

22	2011 - 2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын технологиялық жаңғырту және қару-жарақ пен әскери техниканы шығаруды дамыту бағдарламасын бекіту	Үкімет қаулысы	Үкімет	2010 жылғы желтоқсан
----	--	----------------	--------	----------------------

».

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев